

## Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 98 Қаулысы

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1588 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 1                      ж ы л ғ ы                      8                      а қ п а н д а ғ ы  
№                      9 8                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

**Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.31 № 1741 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

### Мазмұны

1. Миссия және пайымдау
2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларының (аяларының) даму үрдісін т а л д а у
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері
4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Тәуекелдерді басқару
7. Бюджеттік бағдарламалар

## 1-бөлім. Миссия және пайымдау

**Ескерту. 1-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 443 қаулысымен.**

Миссия: қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қоршаған ортаны сақтау, қалпына келтіру және сапасын жақсарту, биологиялық әртүрлілікті сақтау, экономика салаларын және қоршаған ортаны сумен қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және «жасыл экономикаға» көшуін қамтамасыз ету жөнінде жағдай жасау.

Пайымдауы: қолайлы қоршаған орта, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және адам өмірі мен денсаулығы, экономика, бизнес үшін экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, «жасыл экономика» қағидаттарын енгізу.

## 2-бөлім. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларының даму үрдісін талдау

**1-стратегиялық бағыт. Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту**

**Ескерту. 1-стратегиялық бағытқа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1756 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 30.04.2013 № 443; 07.08.2013 N 807; 31.12.2013 N 1588 қаулыларымен.**

**Қоршаған ортаны қорғау саласын дамытудың негізгі параметрлері**

Табиғи ресурстарды ұтымсыз пайдалану, қоршаған табиғи ортаның ластануы және орта сапасы мен адам денсаулығының нашарлауы еліміздің жеделдетілген индустриялық-инновациялық дамуымен тығыз байланысты, қазіргі кезеңде олар қоршаған ортаға түсетін антропогендік салмақты төмендету бойынша тиімді тұтқыштарын қолдануды талап етеді.

Атмосфералық ауаның ластануы халық денсаулығына кері әсер ететін қоршаған ортаға әсер етудің негізгі факторларының бірі болып қала береді. Атмосфералық ауаға ең көп кері әсерді жылу-энергетика және мұнай-газ секторының, кен өндіру және кенді қайта өңдеу саласының, қара және түсті металлургия кәсіпорындары тигізеді.

Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары жылына 3 миллион (бұдан әрі – млн.) тоннадан астам болды, олардың – 85 %-ы I санатты объектілері бар және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органнан қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алатын ең ірі табиғат пайдаланушыларға тиесілі. 2009 жылы атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының көлемі 3,4 млн. тоннаны құрады. 2010 – 2011 жылдары азаю 2009 жылға қарағанда 1,5 % құрады.

Ластаушы заттардың жыл сайынғы шығарындылары шамамен 2,8 млн. тоннаны құрайды. Осылайша, 2009 жылы бұл көлем 2,85 млн. тоннаны құрады және 2010 – 2011 жылдары азаю 1,7 % болды.

Эмиссияның жоғарыда аталған көлемдері нормативтік-белгіленген болып табылады. Экологиялық нормалау экологиялық қауіпсіздікті кепілдендіретін, шаруашылық қызметті орнықты дамыту жағдайында табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуын және қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін рұқсат етілетін шекті әсер ету нормаларын белгілеу мақсатында жүргізіледі.

2012 жылдың басынан бері экономика салаларының оң даму динамикасына байланысты табиғат пайдаланушылар мәлімдеген ластаушы заттардың қоршаған ортаға шығарындыларының арту үрдісі байқалды. 2010 жылы нақты ЖІӨ 2009 жылға қарағанда 7,3 % өсті. 2010 жылы өнеркәсіптік өнімді өндіру 10,0 % өсті, оның ішінде тау-кен өндірісінің және кеніштерді жетілдірудің есебінен 5,3 %, өңдеуші өнеркәсіптер есебінен - 18,4 % өсті.

Қалыптасқан жағдай 2009 жылмен салыстырғанда нормаланған эмиссияларға қарағанда эмиссияларды төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Қоршаған орта ластануының нақты деңгейін көрсететін эмиссияның нақты көлемі реттеуге, құралдық бақылауға және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем өндіруге жатады.

Ластаушы заттардың шығарындылары және төгінділері бойынша нақты көлемдер көрсеткіштеріне көшу республика бойынша шынайы экологиялық ахуалдың көрініс табуына және адам өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету және жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Басым экологиялық бағыттардың бірі өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу болып қала береді. Елімізде 100 млн. тоннадан астам тұрмыстық қатты қалдықтар (бұдан әрі – ТҚК), 22,3 млрд. тоннадан астам өнеркәсіптік қалдықтар жинақталған, оның ішінде 12 млрд. тоннадан астамы техногендік минералдық түзілімдер.

Тарихи ластануларға өнеркәсіптік кәсіпорындардың банкрот болуы нәтижесінде иесіз қалған, олардың қызметі нәтижесінде түзілген қалдықтар да жатады. Соттың 9 шешімінің негізінде Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе облыстарының аумағында орналасқан 4,7 млн. тонна қауіпті қалдық мемлекеттік меншікке берілді.

Соттың шешімімен республикалық меншікке берілген иесіз қауіпті қалдықтарды басқару рәсімі зертханалық зерттеу жолымен қалдықтардың қауіпті құрамын зерделеуді, қауіпті қалдықтар паспортын құру үшін, сондай-ақ оларды одан әрі басқару бойынша шешім қабылдау үшін олардың қауіптілік деңгейін анықтауды талап етеді.

2009 жылы елімізде 669,3 млн. тонна қалдықтар түзілген, оның ішінде, 665,6 млн. тонна өнеркәсіптік қалдықтар, 3,7 млн. тонна тұрмыстық қалдықтар. Еліміздің бір тұрғынының үлесіне орта есеппен алғанда жинақталған өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың 1,4 мың тоннасы келеді.

Қалдықтарды басқару саласында «тарихи ластанулар» аса маңызды проблема болып табылады. Қазір олар тек қана адам денсаулығына, қоршаған ортаға емес,

сондай-ақ жалпы еліміздің тұрақты дамуына кері әсер етеді. Тұрақты органикалық ластағыштар (бұдан әрі – ТОЛ) «тарихи ластанулардың» бір түрі болып табылады.

ТОЛ қоры бойынша Қазақстан Республикасы Батыс және Орталық Еуропа елдері ішінде Ресей Федерациясынан кейін екінші орынды алады. Қалдықтардың жалпы көлемі қазірге құрамында ТОЛ бар шамамен 250 мың тоннаны құрайды. Олар 1500 тоннадан астам ескірген пестицидтер, құрамында полихлордифенилдер (бұдан әрі – ПХД) бар 50 мың данадан астам жабдықтар және 8 ластанған аумақтар.

Қазіргі уақытта республика аумағында құрамында ПХД бар 116 трансформатор және 50 мыңнан астам конденсатор көлемінде құралдар анықталған, олардың ж а р т ы с ы н а н а з ы қ о л д а н ы с т а .

Экологиялық тепе-теңдікті тұрақтандыру мәселелерінде қоршаған ортаны қорғау қызметінің негізгі құралы мемлекеттік экологиялық сараптама, бақылау және лицензиялау, қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаттар беру рәсімдерін орындау арқылы экологиялық реттеу болып табылады. Халықаралық тәжірибеге сәйкес мемлекеттік табиғат қорғауды бақылау жүйесінің жұмысы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қатаң сақтау қамтылған түпкілікті нәтижелілікке, оны бұзғаны үшін табиғат пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейту, қоршаған ортаға кері әсерді төмендету бойынша іс-шараларды іске асыруға, қолданылатын санкцияларды орындауға бағытталатын болады.

Қоршаған ортаға эмиссияларды азайту индустриалдық объектілерді технологиялық жарақтандыруды әртараптандыру, ең озық қолжетімді технологияларды ендіру жолымен қамтамасыз етілетін болады.

Қоршаған ортаға эмиссиялар параметрлерін ғана емес, энергия-, су және ресурстарды сақтауға, ең озық қолжетімді технологияларды және олардың негізінде нормалау жүйесін ендіруге міндетті талаптарды да қамтитын кешенді экологиялық рұқсат алуға, барлық ірі табиғат пайдаланушылардың кезең-кезеңімен көшу арқылы рұқсат жүйесінің тиімді жұмыс жасауы қамтамасыз етілетін болады.

Жаңа технологиялар туралы ақпарат таратуда ең жаңа ақпараттық технологияларды (бұдан әрі – АТ) қолдану айрықша өзектілікке ие. Сонымен қатар, АТ қолдану халыққа және бизнеске электронды нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуге, елдің осы саладағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін Министрліктің алдында Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне енгізілген қоршаған ортаны, жануарлар әлемін және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы 41 мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын әзірлеу және оларды бекіту міндеті тұр. Аталған жұмысты 2013 жылдың соңына дейін аяқтау, кейіннен 2014 жылы қызмет көрсетудің регламенттерін бекіту ж о с п а р л а н у д а .

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру

бойынша жұмыс жалғастырылады. 2012 жылы электрондық нысанға ауыстырылған Министрліктің 8 мемлекеттік көрсетілетін қызметінің 4-уі халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетіледі. 2013 жылы тағы 10 мемлекеттік көрсетілетін қызмет а в т о м а т т а н д ы р ы л у ғ а ж а т а д ы .

Ғылыми зерттеулер негізгі экологиялық проблемалар бойынша жүргізіліп жатыр, оның ішінде: судың ластануы, ірі қалалардағы атмосфералық ауаның ластануының жоғары деңгейі, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы, радиациялық және химиялық ластану, жерлердің тозуы, экологиялық апат аудандарының, Каспий маңы және Балқаш аймақтарының проблемалары, әскери-ғарыш полигондары аумақтарын оңалту, климаттың өзгеруі, озон қабатының жұтаңдауы, биоәртүрліліктің қысқаруы, ғылыми-негізделген қоршаған орта сапасын тұрақтандыру және орнықты даму бойынша салалық нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу.

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенциясын (бұдан әрі – Орхусс конвенциясы) іске асыру бойынша Қазақстанның міндеттемелерін орындау мақсатында институционалдық құрылым – Орхусс орталығы құрылды, оның негізгі қызметі қоршаған ортаны қорғау саласындағы ақпараттық мәліметтер базасын қалыптастыру және қолдау, жеке және заңды тұлғалардың сұраулары бойынша экологиялық ақпаратты ұсыну болып табылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында 2007 жылы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі қабылданды.

Кодекс заңнамалық деңгейде қоршаған ортаны қорғау мәселелерін жалпылап жүйелендірді, экологиялық талаптар мен нормативтердің мәртебесін тікелей әсер ететін заңнамалық актісінің деңгейіне дейін көтерді, қоршаған ортаны қорғау тәжірибесіне халықаралық стандарттарды ендірді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Еуропалық Экономикалық комиссиясының (бұдан әрі – БҰҰ ЕЭК) Экологиялық саясат жөніндегі комитетінің сарапшылары ауыспалы экономикасы бар елдер үшін экологиялық саясаттың нәтижелігі бойынша шолу жасады. Шолу шеңберінде Қазақстанға экологиялық заңнаманы жетілдіру ұсынылып, Еуропа Одағының сәйкес Директиваларымен үйлесімділігін жалғастыру ұсынылды.

«Тарихи» ластануларды жою бөлігінде ел Президентінің Ақтөбе қаласындағы Елек өзеніндегі алты валентті хроммен тарихи ластануларды жою жөніндегі тапсырмаларын орындау бойынша жұмыстар жалғастырылады. Алаңы 0,8 км<sup>2</sup> құрайтын № 3 тәжірибелік-өндірістік учаскедегі жер асты суларын алты валентті хроммен ластанудан тазарту бойынша жұмыстар өткізу жоспарлануда және осы учаскедегі жұмыстар нәтижелерінің негізінде ғана № 2 және 1 учаскелердегі жобаның іске асырылуы жалғастырылады. Елек өзеніндегі алты валентті хроммен тарихи ластанулардың жалпы а у д а н ы 5 , 8 к м <sup>2</sup> қ ұ р а й д ы .

Қазақстан Арал, Семей ядролық полигонының проблемалары бойынша халықаралық-танылған экологиялық бастамалардың арқасында кеңінен танымал және халықаралық қауымдастықтың қолдауын табуда. Халықаралық қауымдастық үшін, сондай-ақ Қазақстанның геосаяси орналасуының да маңызы бар, ол трансшекаралық және аумақтық бағдарламалар арқылы Еуропа және Азия аумақтарының саясаты мен көзқарастарын үйлестіруге, сондай-ақ халықаралық сауда, энергетика, көлік, туризм және тағы басқа мәселелерде барлық артушы рөлді ойнайтын экологиялық және өзге де стандарттарды үйлестіруге мүмкіндік ашады.

Жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктерді іске асыру үшін Мемлекет басшысы Н. Назарбаев халықаралық қауымдастықтар тарапының қолдауымен аяқталған бірқатар халықаралық бастамалар ұсынды. Астана қаласында 2010 жылы Азия-Тынық мұхиты өңірінің 62 елінің Қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі алтыншы конференциясы өткізілді. Аталған конференцияда «Жасыл көпір» Астана бастамашылығын іске асыру жөніндегі серіктестік бағдарламасы арқылы қағидаттарын ендіру көзделген «Жасыл өсуді» іске асыру жөніндегі Еуропа, Азия және Тынық мұхиты елдерінің серіктестігі» атты Астана бастамашылығы қолдау тапты.

2011 жылы Солтүстік Америка, Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерін қоса алғанда Еуропа аймағының 56 елінің «Еуропа үшін қоршаған орта» жетінші конференциясын өткізу туралы бастамасы халықаралық қолдау тапты.

Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 20-23 маусым аралығында Рио-де-Жанейро (Бразилия) қаласында өткен БҰҰ «Рио+20» орнықты даму жөніндегі конференциясында «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы деген қазақстандық бастамашылықты ұсынды. Аталған Конференцияда «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасы көрініс тапқан «Біз қалайтын болашақ» атты қорытынды құжат қабылданды.

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын одан әрі іске асыру мақсатында, сондай-ақ Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын орындауда Қазақстан «жасыл» технология трансферті үшін институционалдық негіздерін құру қажет.

«Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын іске асыру үшін бірінші кезеңде (2013 - 2014 жылдары) ұйымдастыру іс-шараларын өткізу жоспарлануда.

Қоршаған ортаны қорғау саласында Қазақстан Республикасының оң сипатты имиджін қалыптастыру және ілгерілету мақсатында Қазақстан Республикасының халықаралық экологиялық конвенциялар бойынша міндеттемелерін іске асыру шеңберінде халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты нығайту үшін Министрлік Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасымен (бұдан әрі – БҰҰДБ) бірлесіп іске асырылып және жоспарланып жатқан жобаларының мониторингін жүзеге асырады. Жоспарланған кезеңде БҰҰДБ бірлескен жобалары бойынша басым бағыттар мыналар: энергия тиімді инфрақұрылым құру, Қазақстан Республикасының стратегиялық

жоспарлауына «Жасыл өсу» тетіктерін ендіру және Қазақстандағы ТОЛ жою.

Қазіргі уақытта Қазақстан Ластаушыларды тасымалдау шығарындылары тізілімінің хаттамасына (бұдан әрі – ЛТШТ) қосылу мүмкіндігін қарау үстінде. Хаттама қоршаған ортаның шаруашылық жүргізуші объектілерімен ластануы туралы ақпаратты реттейді және осы салада қоғамдастық тарапынан бақылауды күшейтуге бағытталған. Хаттамаға сәйкес ұлттық ЛТШТ құру экологиялық есептің барлық нысандарын дайындау үшін қажет мәліметтерді жинауды айтарлықтай жеңілдетеді.

Тегеран конвенциясына мынадай хаттамалардың жобаларын дайындау бойынша жұмыстар жалғастырылатын болады:

Мұнаймен ластануға әкелетін тосын оқиғалар жағдайындағы өңірлік әзірлік, ден қою және ынтымақтастық туралы хаттама;

Қоршаған ортаға трансшекаралық контексте әсер етуді бағалау жөніндегі хаттама;

Каспий теңізін жерүсті көздерінен ластанудан қорғау жөніндегі хаттама;

Биоәртүрлілікті сақтау туралы хаттама.

Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісін дамыту Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік даму сценарийлерімен, стратегиялық басымдылықпен үйлестіре жасалған бірыңғай ұзақ мерзімді жоспар негізінде жүзеге асырылуы тиіс.

Ең алдымен бұл - суперкомпьютерлік технологияларды белсенді қолдану арқылы болжамдау және мәліметтерді өңдеу жүйесін қамтамасыз ететін есептеу және телекоммуникациялық құралдарды дамытуға қатысты. Тек осы негізде ғана ауа райын болжаудың, сонымен қатар алдын ала әртүрлі қоршаған ортаны ластаушы заттардың таралуын болжаудың, сондай-ақ гидрометеорологиялық мәліметтердің жасалу және таралу жүйесінің заманауи үлгілері мен технологияларын енгізу мүмкіндігі бар.

Бұл үшін өзара үйлескен жүйенің барлық элементтерін қазіргі заманғы әлемдік деңгейге шығару және қайтадан техникалық жарақтандыру, жаңарту қажет: қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттарды алу, жинау, беру, талдау және мәліметтерді өңдеу, оларды жинақтау және мұрағаттау, ақпараттық өнімдерді құрастырып, тұтынушыларға ақпараттарды жеткізу.

Осыған орай, Министрлік өз алдында «Гидрометеорологиялық және экологиялық мониторингті жетілдіру» мақсатын қояды, оның шеңберінде мемлекет пен тұрғындарды гидрометеорологиялық және экологиялық ақпараттармен қамтамасыз етудің сапасын жақсарту бойынша міндеттер орындалуы қарастырылады.

Гидрометеорологиялық мониторинг – бұл гидросфераның, атмосфераның, төсеніштік және топырақтық жамылғының жай-күйіне тұрақты және ұзақ бақылау жүргізу, объективті талдау мен бақылау деректерінің, әртүрлі индекс пен болжамдарының есептерін қоса алғандағы өңдеу жүйесі.

Қазіргі уақытта болжамдық, режимдік-анықтамалық гидрологиялық, метеорологиялық, агрометеорологиялық, аэрологиялық ақпараттарды дайындау үшін

гидрометеорологиялық мониторинг 260 метеорологиялық станцияларда, 12 метеобекеттерде, 291 гидрологиялық бекеттерде, 186 агрометеорологиялық бақылау пункттерінде, 8 аэрологиялық станцияларда, 2 қар көшкіні станцияларында және 20 қар өлшеу бағыттарында жүргізіледі.

Агрометеорологиялық мониторинг – бұл топырақтың ылғалдылығы мен температуралық режимі, ауыл шаруашылық дақылдарының фенологиялық жай-күйі туралы, олардың қолайсыз ауа-райы құбылыстарынан: үсік, қатты суық, аз қарлы қыс, құрғақшылықтан, сондай-ақ зиянкестер мен ауа-райы жағдайына байланысты таралатын аурулардан зақымдану мүмкіндігі туралы бақылау жүргізу.

1992 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйымының (бұдан әрі – БМҰ) конвенциясына қосылды және Бүкіләлемдік метеорологиялық ұйымының құрамына кірді, аталған ұйымдар шеңберінде даму стратегиясы, болжам әдістері және кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламалары жасалуда.

БМҰ-ның стандарттарына сәйкес жергілікті жердің нақты тығыздығы мен жер бедерін, сонымен бірге аумақтың экономикалық игерілуін және елді мекендердің санын есепке алғанда, бақылау жүйесі мынадай ең төмен санда: 421 метеорологиялық станциялар, 507 гидрологиялық бекеттер, 280 агрометеорологиялық бақылау жүргізетін пункттер, 15 аэрологиялық станциялар болуы қажет.

Метеорологиялық желіні ұтымды орналастыру негізіне станциялар мен бекеттер республика аумағына біркелкі таралуы, кез келген нүктеде интерполяция жолымен көрші станцияның ақпараттары бойынша әрбір метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін белгілі бір дәлдікпен алу мүмкіндігі сияқты талаптар енгізілген.

Экологиялық мониторинг – бұл атмосфералық ауаның, жер беті және жер асты суларының, топырақтың ластануына, радиациялық жай-күйге жүргізілетін бақылау жүйесі. Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 78 стационарлық бекеттерде жүргізіліп, ластаушы заттардың 16 көрсеткіші бойынша бақыланды. Жер үсті суларының жай-күйі мен сапасын гидрохимиялық көрсеткіштері бойынша қадағалау 215 гидрохимиялық орында жүргізіледі, олар 86 объектіде, соның ішінде 58 өзенде, 12 көлде, 1 теңізде, 12 су қоймасында және 3 каналда орналасқан (ластаушы заттардың 40 астам көрсеткіштеріне дейін анықталады), 5 ластаушы заттар бойынша (қорғасын, мырыш, кадмий, мыс, хром) 23 елді мекеннің топырақ жамылғысының жай-күйіне мониторинг жүргізіледі.

Стационарлық желілерде жүзеге асырылатын атмосфералық ауаның сапасын бақылау, аймақтық (экспедициялық) зерттеулермен, бағыттық және жылжымалы бекеттердегі қарқынды бақылаулармен толықтырылады.

Топырақ және атмосфералық ауа сапасының жай-күйіне мониторинг барлық елді мекендерде жүргізілуі тиіс. Атмосфералық ауаның ластануына бақылау жүргізуші стационарлық бекеттердің саны «Атмосфераның ластануын бақылау жөніндегі



нұсқаулық» нұсқаулық құжатына (бұдан әрі – НҚ) сәйкес тұрғындардың санына байланысты саналуы қажет және аз санды тұрғындары бар аудандарда қосымша экспедициялық зерттеулер жүргізуді қоса алғанда 50 мың тұрғынға - 1 бекет; 50-100 мың тұрғынға - 2 бекет; 100-200 мың тұрғынға - 2-3 бекет; 200-500 мың тұрғынға -3-5 бекет; 500 мыңнан аса тұрғынға 5-10 бекет; 1 миллионнан аса тұрғынға - 10-20 бекетті (стационарлық және бағыттық) құрайды. Бекеттердің саны жергілікті жердің күрделі жер бедеріне, ластаушы көздерінің көп болуы, берілген аумақтағы ауаның тазалығы ерекше маңызды болып табылатын объектілер (ұлттық саябақтар, тарихи ғимараттар т.б.) жағдайында көбейтілуі мүмкін.

Республика аумағы бойынша НҚ сәйкес атмосфералық ауаның жай-күйіне бақылау жасау жөніндегі бекеттердің ең аз саны 250 болуы қажет.

Даму үрдістері мен перспективалары. Қазақстанның гидрометеорологиялық қызметінің даму барысы өткен ғасырдың 80-ші жылдары ең жоғары шарықтау шегіне жетті. Бірақ кейін жағдай күрт өзгерді. 1983-99 жылдары Қазгидромет метеорологиялық станциялардың 35%, гидрологиялық бекеттердің 65%, агрометеорологиялық бақылау пункттердің 55%, аэрологиялық станциялардың 47% жабуға мәжбүр болды.

2000 жылдан бастап бұрынғы жабылған бақылау бекеттері қалпына келтіріліп, жаңа бақылау желілері мен талдау зертханалары ашылды. Болашақта жаңа бақылау пункттерін ашу, бар пункттерді жаңғырту, автоматты метеорологиялық станцияларды орнату, ақпараттарды жинақтау, өңдеу және таратудың базалық технологиясын, қоршаған ортаның жай-күйін болжау әдістерін дамыту, сонымен қатар ақпараттарды өңдеу мен тарату жүйесін жетілдіру ұйғарылып отыр. Траншекаралық өзендердің мониторингіне ерекше назар аударылатын болады.

Гидрометеорологиялық және қоршаған ортаның жай-күйі мониторингін дамыту нәтижесінде қауіпті және апатты гидрометеорологиялық құбылыстарды алдын ала ескерту ұлғайып, гидрометеорологиялық болжамдардың өзін-өзі ақтауына, қоршаған ортаның жай-күйі жөнінде ақпараттардың дәлдігін көбейтуге мүмкіндік береді.

Ескі болжау әдістерін жетілдіру және жаңаларын енгізу әкімшілік аудандар бойынша метеорологиялық болжауларды жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Қазақстанның таулы өзендерінде айлық гидрологиялық болжамдар жылдың жылы мезгілінде жасалады, сонымен қатар өсімдік және мал шаруашылығына қатысты агрометеорологиялық жаңа болжамдардың түрлері енгізілетін болады.

2008 - 2010 жылдары «Экологиялық паспорттарды құру мақсатымен ауылдық аймақтарды экологиялық-демографиялық зерттеу» жобасы бойынша 1603 ауылдық елді мекен (бұдан әрі – АЕМ) зерттеліп, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстары округтерінің 473 экологиялық паспорттары құрылды. 313 ауылдық округтегі экологиялық жағдай қанағаттанарлық, ал 160 елді мекенде алаңдаушылық туғызарлық деген бағаға ие болды. Бұл ретте,

ауылдық тұрғындарды сумен қамсыздандыруды қанағаттарлық деп санауға болмайды. Өзірленген АЕМ экологиялық паспорттарында экологиялық жағдайды жақсарту бойынша іс-шаралар ұсынылған.

2008 - 2009 жылдарда Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының 572 ауылдарында радиациялық мониторинг жүргізілді. Ауылдардағы радиациялық жағдай жалпы қанағаттанарлықтай, сонда да, 203 ауылда ауыз судағы альфа-активтіліктің шектен асуы анықталды, 123 ауылда тұрғын және қызметтік үй-жайлардың ауасында радонның шоғырлануы шектен асады және 24 ауылда судағы радонның шоғырлануы шектен асады. 2010 жылы 325 ауылда радиациялық мониторинг жүргізілді.

Қазақстан тұрғындарының табиғи радиоактивті көздерден сәулелену тәуекелін төмендету 2012-2017 жылдардағы зерттеу бойынша қамтамасыз етіледі, оның мақсаты Шығыс Қазақстан, Павлодар және Алматы облыстарында 8000 үйдің ауасында (жылына 2000 үйден) радон шоғырлануын анықтау болып табылады.

Азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшуларын қауіпсіз, тұрақты және тиімді жүзеге асыру мақсатында нақты метеорологиялық ақпаратпен жедел қамтамасыз ету және ауа райының қауіпті құбылыстарының туындауын алдын ала ескерту қажет.

2007, 2010 жылдары «Қазаэросервис» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға республикалық бюджеттен 1,5 млрд. теңге көлемінен астам қаражат бөлінді, бұл 13 әуежайлардағы метеорологиялық жабдықты жаңғыртуды және техникалық қайта жабдықтауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Алдағы уақытта осыған ұқсас метеорологиялық жабдықпен Орал, Талдықорған, Балқаш, Петропавл және Семей қалаларындағы әуежайларды жабдықтау жоспарлануда.

Ауа райының қауіпті құбылыстарының туындауын ерте ескерту және болжамдардың ақталу деңгейін арттыру бойынша ұшулардың қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін еліміздің барлық аумағы бойынша қос поляризациялы доплерлік локаторлар жүйесін құру қажет. Аталған желіні құрудың бірінші кезеңін Қазақстанның батыс өңіріндегі Орал, Ақтау және Ақтөбе қалаларынан бастау болжануда. Бұл атмосфералық процестің физикалық ерекшеліктеріне негізделген: жер шарының солтүстік жартышарындағы ауа батыстан шығысқа қарай бет алады, синоптикалық процестердің қозғалысы Еуропалық аймақ пен Атлантикадан Каспий теңізі және Батыс Орал арқылы Қазақстан аумағына бағытталған.

Халықаралық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесін жетілдіру аясында елдің авиаметеорологиялық мәліметтер банкіні құру және Қазақстан Республикасының әрбір әуеайлағының климаттық сипаттауын әзірлеу қажет.

Аталған іс-шара Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы стандарттарына сәйкестендіруге, сонымен қатар халықаралық және отандық авианавигациялық пайдаланушыларды метеорологиялық ақпаратпен жедел қамтамасыз ету аясында

авианавигациясына қызмет көрсетудің сапалы жаңа әдістеріне көшуге мүмкіндік береді

## Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстан экологиясы саласындағы негізгі проблемалық мәселелерге мыналар ж а т а д ы :

- 1) ірі қалалар мен өнеркәсіптік орталықтардың ауа бассейнінің ластануы. Каспий және Балқаш өңірі ;
- 2) жерүсті және жерасты суларының ластануы, трансшекаралық сулар проблемасы;
- 3) өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталуы;
- 4) суды бұру және кәріздік тазарту құрылыстары жүйелерінің қанағаттанарлықсыз жағдайы ;
- 5) жердің шөлейттену және тозу үдерістері;
- 6) экологиялық апаттың Арал және Семей аймақтары;
- 7) « тарихи » ластанулар .

Түзілетін қалдықтар көлемінің жыл сайынғы өсуіне қарамастан, оларды қайта өңдеу төмен деңгейде қалуда: түзілген қалдықтардың 20 % жуығы кәдеге жаратылады. Дамыған елдерде бұл көрсеткіш 30 % асады. Өндіріс қалдықтарын, оның ішінде улы қалдықтарды қайталама қайта өңдеу Қазақстанда тәжірибеге алынбаған. Қалдықтар техногенді қарқынды ластанатын ландшафттарды құра отырып, арнайы полигондарда, жинақтағыштарда және үйінді сақтағыштарда қоймаланады. Сонымен, мысалы, республикадағы электростанциялардың күл-шлак қалдықтарын кәдеге жарату және қолдану 1 % аспайды, ал Еуропада бұл көрсеткіш орташа есеппен алғанда 60 % құрайды .

Тазартылған шаруашылық-тұрмыстық сарқынды сулар төгінділері үшін жинақтауыш тоғандар құру өзінің қабілетсіздігін көрсетті. Оған Сорбұлақ ( Алматы) және Талдықөл (Астана) сарқынды суларының жинақтауыштары мысал бола алады. Ең жоғары көлемі шамамен 1 млрд. м<sup>3</sup> Сорбұлақ сарқынды сулар жинақтауышы көлі (посткеңестік кеңістіктегі ең үлкен сарқынды суларды жинақтаушы көл) уытты заттар құрамының тұрақты артуынан, оның толып кету және апаттық бұзылу мүмкіндігінен өңір экологиясы мен халқының қауіпсіздігіне күрделі қауіп болып табылады .

Мемлекет басшысының жеке тапсырмасын орындау үшін 2010 - 2012 жылдар кезеңінде Сорбұлақ сарқынды сулар жинақтауышы көлінің бұзылу қауіпін азайту және қалыптасқан қолайсыз экологиялық ахуалды бағалау мақсатында оның қазіргі жай-күйін кешенді зерделеу» тақырыбы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілді. 2013 жылы «Қосалқы құрылыстарды қоса алғанда, Сорбұлақ сарқынды сулар жинақтауышы көлін реконструкциялау» жобасын іске асыру үшін құжаттаманы дайындау жөніндегі жұмыстар басталды .

Осы жобаны орындау халық өмірінің әлеуметтік-тұрмыстық, санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларының жақсаруына әкеледі, Сорбұлақ көліндегі су деңгейін төмендету есебінен бөгеттің бұзылу қауіпі жойылады, биологиялық тазартудан өткен сарқынды сулар төгінділерінің есебінен Іле-Балқаш бассейнінің су теңгерімі жақсарады.

Республика үшін ТОЛ, ескірген пестицидтер және онымен ластанған аумақтар мәселесін шешу өзекті проблема болып табылады. Бұл мақсаттар үшін ТОЛ-ды және басқа да қауіпті қалдықтарды экологиялық қауіпсіз жою жөніндегі зауыт салу, сондай-ақ ластанған жерлерді қалпына келтіру қажет.

2010 жылы БҰҰДБ/ ЖЭҚ «Қазақстанда ескірген пестицидтер және полихлордифенилдер қорларын және қалдықтарын жинау және жою бойынша зерттеу және ұсыныстар» жобасы аяқталды. Жобаны іске асыру барысында 14 ластанған аумақтар (10 ПХД бойынша, 4 пестицидтер бойынша) анықталды.

Стокгольм конвенциясы бойынша ұлттық міндеттемелерді орындау мақсатында Министрлік ТОЛ-дармен ластанған аумақтарды оңалту үшін жекелей алғанда Дүниежүзілік банктің жобасын іске асыру арқылы халықаралық инвестицияны тарту жұмыстарын жүргізіп жатыр.

Дүниежүзілік банктің жобасы осындай ұсыныстардың бірі болып табылады. Қазіргі уақытта Жаһандық экологиялық қор Қазақстанда тұрақты органикалық ластағыштарды жою жөніндегі зауыт салудың техникалық экономикалық негіздемесін (бұдан әрі - ТЭН) дайындауға құны 200 мың АҚШ долларын құрайтын грантты растады. Жобаның әкімшісі ретінде Дүниежүзілік банк Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаны бірлесіп қаржыландырған жағдайда (50%-ға дейін) зауытты салуды қаржыландыруға қаражат бөлетіндігі туралы ниетін растады. Ұсынылған жоба республикалық бюджеттен, Дүниежүзілік банк займынан және Қазақстан Республикасы үшін сомасы 10,35 миллион АҚШ долларын құрайтын ЖЭҚ грантынан қаржыландырылатын болады.

Жобаны іске асыру туралы инвестициялық шешім қабылдау үшін жобаның ТЭН дайындау көзделген. ТЭН зауыт салуға және басымдық берілген ластанған учаскелерді қалпына келтіру бағдарламасына қатысты жобаның оңтайлы техникалық шешімін және техникалық, қаржылық, экономикалық және экологиялық/әлеуметтік жүзеге асырылуын көрсетеді.

Белсенді қорларды анықтау және миллиондаған аршынды жыныстардың үйінділері мен үйінді сақтағыштарын кәдеге жарату мәселесін шешу мақсатында техногендік минералдық түзілімдерді (бұдан әрі – ТМТ) түгендеуді жалғастыру қажет.

Экономикалық өсім, эмиссия көздерінің көбеюі және өнеркәсіптік қызмет көлемдерін кеңейту шамасы бойынша ластану деңгейін төмендету үшін негізгі шарт табиғат қорғау саясатын үздіксіз арттыру болып табылады.

Бұл ретте, жылу энергетика секторының, кен өндіру және кенді қайта өңдеу

салаларының кәсіпорындарын ең озық қолжетімді технологияларды ендіру жолымен техникалық қайта жарақтандыру мәселесі маңызды болып қалады.

Табиғи ресурстар және қоршаған орта мониторингінің бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің болмауы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және басқа мүдделі мемлекеттік ұйымдар арасындағы экологиялық ақпараттың жүйелі алмасуына мүмкіндік бермейді. Көп пайдаланушылар жүйесін көбейту, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласында, оның ішінде ғарыштық мониторинг нәтижелері бойынша тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан гидрометеорологиялық қызметін дамыту өзекті мәселе болып табылады. Республика аумағының мониторингпен қамтамасыз етілуі, метеорологиялық мониторинг - 61%, агрометеорологиялық мониторинг - 66%, гидрологиялық мониторинг - 57%, атмосфералық ауаның жай-күйіне мониторинг – 31% құрайды.

Еліміздің барлық аумағындағы инфрақұрылым объектілері (қызметтік ғимараттар) мүшкіл жағдайда, қызметкерлердің жұмыс орындары қанағаттанарлықсыз, еңбекақыларының төмен болуы, кадрлармен қамтамасыз ету қиындығын туғызады. Бақылау пункттерінің көпшілігінде бақылаулар қолмен жүргізіледі.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Еліміз үшін реформалауды талап ететін маңызды экономика сегменттерінің бірі коммуналдық қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу секторы болып табылады. Қазақстанда осы бағыттағы жұмыс қалыптасу кезеңінде.

Осы секторға халықаралық қаржы институттарының қызығушылығы 2012 жылы Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен ҚТҚ секторындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандум жасасуға ықпал етті. Осы Меморандум шеңберінде Мемлекет басшысының қайта өңдеу және кәдеге жарату жүйесін дамыту жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында ҚТҚ басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі инвестициялардың негіздемелерін әрбір қала немесе өңір үшін нақты әзірлеу көзделген.

Бұл ретте ҚТҚ секторын дамытуды қаржыландыру тетіктерінің әртүрлі нұсқалары мен қалдықтарды қайта өңдеу кезіндегі мемлекет пен жеке сектордың өзара іс-қимылын ұйымдастыру схемалары қаралатын болады, бұл осы секторды қаржыландыру проблемаларын шешуі мүмкін.

Еуропа өзіне 2028 жылдың соңына дейін ТОЛ, ескірген пестицидтерді және онымен ластанған жерлерді кәдеге жаратуды аяқтау міндетін алды. Қазақстан Стокгольм конвенциясының тарапы болғандықтан 2028 жылға дейін құрамында ТОЛ бар барлық қалдықтарды экологиялық қауіпсіз жою және олармен ластанған аумақтарды қалпына келтіру бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындауы тиіс.

Сонымен бірге, Қазақстан жыл сайын қауіпті химиялық заттар мен қалдықтарды

басқару мәселелерін реттейтін Роттердам, Базель және Стокгольм конвенциялары бойынша есеп беруі тиіс. Конвенциялардың негізгі міндеттері: ЖОЛ қорлары мен қалдықтарын басқару бойынша нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу және жетілдіру, Жойылмайтын органикалық ластаушылар туралы Стокгольм конвенциясының ережелеріне сәйкес Қазақстандағы ТОЛ қорлары мен қалдықтарына егжей-тегжейлі түгендеу жүргізу жұмыстарын жалғастыру және оларды экологиялық қауіпсіз жою бойынша, сондай-ақ Орхусс конвенциясына сәйкес жұртшылықтың хабардар болуын арттыру бойынша жұмыстардың орындалуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының гидрометеорологиялық қызметінің халықаралық қызметі БМҰ негізгі бағдарламалары: Бүкіләлемдік ауа-райы қызметі, Бүкіләлемдік климаттық бағдарлама, Метеорологияны қолдану, гидрология және су ресурстары, кадрларға білім беру және дайындау, техникалық ынтымақтастық және т.б. бойынша атмосфералық зерттеу және қоршаған орта жөніндегі бағдарламаларға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

БМҰ шеңберінде Қазақстанның міндеті, сондай-ақ еліміздің экономикалық салаларын дамыту гидрометеорологиялық және экологиялық ақпараттардың қажеттілігін арттырады. Гидрометеорологиялық қызметтің дамуын тежейтін факторларға: мамандандырылған кадрлардың тапшылығы, сонымен қатар республикалық бюджеттен осы саланы жеткіліксіз қаржыландыру жатады.

Экологиялық заңнаманы одан әрі дамыту, оны жетілдіруге және халықаралық тәжірибемен жақындастыруға бағытталады. Ең бастысы, заңнамаға мынадай мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады:

- 1) коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды басқару жүйесі;
- 2) қоршаған ортаның ластануын реттеу және алдын алудың экономикалық құралдары;
- 3) экологиялық нормалау және жобалау;
- 4) халықаралық стандарттарға сәйкес шаруашылық қызметті жүзеге асыруға экологиялық талаптар жүйесі;
- 5) рұқсат беру жүйесін жеңілдету, кешенді экологиялық рұқсат берудің қолданыстағы тетіктеріне көшу;
- 6) қоршаған ортаға келтірілген залалды бағалауды анықтауды жетілдіру;
- 7) қоршаған орта мониторингінің жүйесін дамыту.

**2-стратегиялық бағыт. Қазақстан Республикасының төмен көміртекті дамуға және "жасыл экономикаға" көшуі**

**Ескерту. 2-стратегиялық бағытқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 443 қаулысымен.**

**Қоршаған ортаны қорғау саласын дамытудың негізгі параметрлері**  
Қазақстан үшін «жасыл» даму бірінші кезекте индустриялық және энергетикалық секторларда төменкөміртекті дамуды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды, су

секторлары, ауыл шаруашылығы, өндіріс және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу мәселелерін шешуді білдіреді. Мемлекет неғұрлым қатаң экологиялық стандарттарды басқару, енгізу қағидаттарын қайта қарауы және жаңа «жасыл» технологияларды енгізуді де үйренуі керек.

2012 жылғы есептік деректер бойынша 2010 жылы парниктік газдардың шығарындылары СО<sub>2</sub> эквивалентінде 262,7 млн. тонна немесе базалық 1990 жылға 73 % құрады.

Түрлі елдердің шығарындыларының салыстырылатындығын қамтамасыз ету үшін тұрғындардың жан басына шаққандағы негізгі парниктік газдардың жылдық эмиссияларының көрсеткіштерін есептеу қабылданған. 2005 жылы Қазақстан парниктік газдардың жалпы үлес эмиссиялары бойынша орта және жоғары көміртек сыйымдылығы экономикасы бар елдер арасында жан басына шаққанда 19,1 тоннаны құрап, 14 орын алды. 2010 жылы жан басына шаққанда 16 тонна құрап, оның ішінде шамамен 12 тоннасы көміртек диоксидінің эмиссиясына арналған.

Көміртек диоксиді шығарындыларының көлеміне ең көп үлесті энергетика, ал энергия тасығыштарынан – көмір қосады, бұл ретте есептер көрсеткендей, шығарындылар генерациясындағы көмірдің үлесі үдемелі қарқынмен өсетін болады. Отынды жағудан түзілетін жалпы шығарындылардың көлемінде ол 2010 жылға қарай 63 %, ал 2020 жылға қарай 66 % құрайды.

2009 жылғы 26 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын (бұдан әрі – БҰҰ КӨНК) ратификациялап, көмірсутекті жанармайды жағудан пайда болатын парниктік газдар көлемінің өсуіне әкеліп соғатын жаһандық жылынудың алдын алу бойынша дүниежүзілік қозғалысқа қосылды. Киото хаттамасын іске асыру шеңберінде парниктік газдар шығарындылары бойынша мониторинг пен есептіліктің ұлттық жүйесін құру, көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін, квоталарды үлестірудің ұлттық жоспарын, сондай-ақ квоталарды саудалау нарығын құру бойынша шаралар қабылданады, техникалық және консультативтік көмек ұсыну үшін халықаралық банктермен және ұйымдармен келіссөздер жалғастырылатын болады.

Парниктік газдар шығарындылары жөніндегі заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік бекітіледі, атап айтқанда парниктік газдар шығарындыларына белгіленген көлемді асырғаны үшін айыппұлдар енгізіледі. Еуроодақта айыппұл асырған әрбір тонна үшін 100 евро көлемінде белгіленген, биржадағы парниктік газдардың тоннасының құны әр тоннаға 8-11 евро аралығында ауытқиды. Қазақстанда әрбір тоннаға шамамен 70 евро көлемінде айыппұл болжанады, биржадағы құны сұраныс пен ұсыныспен реттеледі, бірақ тоннасы 4-5 еуродан төмен емес. Мұндай шаралар парниктік газдардың шығарындыларын қысқарту бойынша жобаларды іске асыру есебінен парниктік газдар шығарындыларын төмендетуге мүмкіндік береді.

**Жаңартылатын энергия көздері**

Қазақстан 2013 жылғы 1 қаңтардан басталып 8 жылға созылатын және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын Киото хаттамасының екінші сынақ кезеңі үшін парниктік газдардың шығарындыларын 1990 жылғы базалық деңгейден 5 % қысқарту бойынша сандық міндеттемелерімен Киото хаттамасы Б Қосымшасы мемлекеттерінің тізіміне енді. Сонымен бірге Киото хаттамасының 20 және 21-баптарына сәйкес аталған түзету оны қабылдаған Тараптар үшін депозитарий қабылдау туралы құжатты осы Хаттама Тараптарының кемінде төрттен үшінен алған күнінен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді. Түзету оны ратификациялаған мемлекеттер үшін ғана күшіне енеді.

Бұл мақсатқа экономиканың энергия сыйымдылығын азайту есебінен ғана жету қиын болады. Парниктік газдардың шығарындыларын қысқартуда экологиялық таза жаңартылатын энергия көздері елеулі мәнге ие болып табылады.

Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы болып қала отырып, біз энергияның баламалы түрлерін өндіруді дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз. Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. 2050 жылға қарай елде энергияның баламалы және жаңғыртылатын түрлерін қоса алғандағы барлық энергия тұтынудың кем дегенде тең жартысы келуге тиіс. Мемлекет басшысының қойған міндеттерін орындау үшін жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі – ЖЭК) саласында жобаларды орындауға жағдай жасау, инвестициялар тарту бойынша сауатты саясат әзірлеу қажет.

ЖЭК саласындағы жобаларды іске асыру инвесторлардың, оның ішінде отандық инвесторлардың меншікті және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асыру көзделіп отыр. Осыған байланысты ЖЭК пайдалануды қолдау шараларын қабылдау қажет етіледі.

#### **Green 4 жобасын іске асыру**

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан дамуының негізгі басымдықтарының бірі мемлекеттің «жасыл экономикаға» көшуі деп көрсетілген. Пилоттық жоба ретінде Green 4 жобасын іске асыру атап өтілді.

Green 4 жобасы Алматы қаласына іргелес аумақтарда тиімді және экологиялық таза ортасы бар 4 серіктес қала салуға бағытталған. Жалпы ауданы – 8 мың га. Жоспарланған саны – 304 мың адам. Жобаны іске асыру және жобаның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында серіктес қалалар базасында арнайы экономикалық аймақ құру, жасыл технологиялар кластерін құру, инженерлік инфрақұрылым объектілерін салу қажет.

Қазақстан Мемлекет басшының тапсырмасы бойынша Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу стратегиясын әзірлеуге кірісті. Стратегия Қазақстан экономикасын қайта құруға, қазіргі экологиялық проблемаларды шешуге және болашақта экологиялық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Астанада ЭКСПО-2017 өткізу бизнестің бірегей «жасыл» бағыттарын, жаңа



өндірістер мен жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ еліміздің «жасыл» даму жолына көшу процесін жылдамдатуға мүмкіндік береді.

### **Негізгі проблемаларды талдау**

Атмосфераға парниктік газдар шығарындыларының көлемі бойынша негізгі ластаушы еліміздің энергетикалық секторы болып табылады. Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексіне сәйкес парниктік газдардың шығарындылары мен сіңірулері саласында мемлекеттік реттеу жүйесі, квоталарды сату нарығы енгізілуде. Үкімет Парниктік газдар шығарындыларына 2013 жылға арналған квоталар бөлудің ұлттық жоспарын бекітті. Жоспарда экономиканың негізгі: энергетика, көмір, мұнай және газ өндіру, сондай-ақ өнеркәсіп секторлары қамтылған. Осы кәсіпорындар үшін Еуропалық сауда схемасы үлгісінде парниктік газдар шығарындыларына арналған квоталардың сауда үшін алаң ұйымдастырылады. Парниктік газдардың артық шығарындысы үшін айыппұл төлету көзделген.

Сонымен қатар табиғат пайдаланушылардың пікірінше, парниктік газдардың белгіленген көлемін арттырғаны үшін айыппұл төлету ерте және экономиканың барлық секторлары үшін айтарлықтай қаржылық тәуекелге әкеліп соқтырады.

Осыған орай парниктік газдар шығарындыларын мемлекеттік реттеу және квоталармен сауда жасаудың ішкі жүйесі мәселелері бойынша заңнамалық базаны жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізу қажет.

### **Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарымен инвестицияларды тарту, экологиялық проблемаларды шешу, антропогендік салмақтың жағымсыз әсерін азайту, табиғат пайдаланушылардың қоршаған ортаға эмиссияларды азайту, қалдықтарды кешенді қайта өңдеуге жауапкершілігін күшейту мәселелерінде төмен көміртекті экономиканың «жасыл» саясатын орнықты дамытуды басқару жүйесін оңтайландырудың қажеттілігі анықталды.

Қазақстан отын-энергетика кешені дамыған ел ретінде, өзінің экономикалық және технологиялық даму деңгейін ескере отырып, төмен көміртекті дамуға жол таңдау проблемасына тап болуда. Төмен көміртекті экономикаға көшу мүмкіндігі ең алдымен төмен эмиссиялы энергетиканың даму үрдісімен, экономиканы қайта құрылымдаумен, энергия үнемдеумен және орнықты дамумен байланысты болады.

Төмен көміртекті даму барлық мүдделі тараптарды тартумен экономика секторлары арасындағы ынтымақтастықты, келісімділікті және өзара іс-қимылды талап етеді, қоғамның бүкіл әлеуеті пайдаланылып, оның барлық күштері өндіріс және тұтыну салаларындағы жаңа төмен көміртекті тұрғыға көшуді іске асыруға бағытталуы тиіс. Сондықтан, Министрлік «жасыл» экономика қағидаттарын қалыптастыруға жағдай жасау, ең алдымен, қоғамдық компанияларды өткізу, табиғат пайдаланушылармен

қалпына келетін энергия көздерін ендіру және энергия тиімділік бойынша шаралар қолдану, экологиялық таза технологияларды ендіру мәселелері бойынша оқу семинарлары арқылы алдына орта мерзімді мақсат қояды.

Құрамына халықаралық даму банктері кіретін Таза технологиялар қорымен келіссөздер үдерісінде 2010 жылғы наурызда үш бағыт бойынша Қазақстанда таза технологиялар бойынша жобалар/бағдарламаларды қаржыландыру үшін жеңілдікті бірлесіп қаржыландырудың Инвестициялық жоспары мақұлданған:

- 1) орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту;
- 2) қаржы институттары арқылы орнықты энергетикаларды қаржыландыру;
- 3) жаңартылатын энергия көздерін дамыту.

Павлодар, Петропавл, Атырау қалаларында кейбір жасыл жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды тарту үдерісі басталды.

Орнықты төмен көміртекті болашаққа барар жолда жүйелі жылжыту үшін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру және оның климаттың өзгеруі үдерістерінің алдын алу бойынша жұмыстар саласындағы халықаралық талаптарға сәйкес үйлесуі бар және күтілетін климаттық өзгерістерге табиғи және адам жүйелерінің осал жерлерін қысқартуға бағытталған заманға сай бейімдеу іс-шараларын әзірлеу және ө т к і з у қ а ж е т .

«Жасыл экономикаға» көшу, сонымен қатар климаттың өзгеруімен шартталған проблемаларды шешуге мүмкіндік туғызатын болады. Бұл ретте, әсер етудің нақты шарасы төмен көміртекті, ресурстық тиімді экономиканы құруды, оның ішінде Киото хаттамасының тетіктері арқылы инвестициялау болады.

Жаңартылатын энергия көздерін ендіру, жаңартылатын ресурстар мен энергия көздерін пайдалану саласындағы бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді және инновациялық технологияларды құру бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу, осы саладағы басым міндеттерге айналады.

**3-стратегиялық бағыт. Өсімдіктер және жануарлар дүниесін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ су қорын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету**

**Ескерту. 2-бөлім 3-стратегиялық бағытпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 № 443 қаулысымен.**

**Су, орман, аңшылық және балық шаруашылықтарындағы дамудың негізгі параметрлері**

### **Балық шаруашылығын дамыту**

2012 жылы республикада жұмыс істейтін республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар болып табылатын 3 балық питомнигі, 1 уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы, 2 бекіре балығын өсіру шаруашылығы және Қазақ өндірістік-жерсіндіру станциясы 158,4 млн. дана бағалы балық түрлерінің шабағын (балықтардың бекіре, тұқы, дөңмандай, ақ амур, ақсақа балық түрлері) өсірді және

табиғи су айдындарына жіберді.

2012 жылы балық аулау 38,6 мың тоннаны құрады. Балық ресурстарын пайдаланудан мемлекеттік бюджетке 508,5 млн. теңге сомасында төлем енгізілді.

Балық ресурстарын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар 6839 балық қорғау заңнамаларын бұзу фактісін анықтады және жолын кесті, 41,2 млн. теңге сомасында айыппұл салынды. Құқық бұзушылардан жалпы көлемі 37 тонна балық, оның ішінде 402 килограмм бекіре тұқымдас балық тәркіленді.

Балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелерін пайдаланушыларға ұзақ мерзімге бекітіп беру бойынша іс-шараларды іске асыру жалғасуда, бұл балық шаруашылығын дамытуға олардың қаражаттары мен инвестицияларын тарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Өткен кезеңде 1106 балық шаруашылығы ұйымына 10 жылға дейінгі мерзімге 2034 халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар су айдындары мен учаскелері бекітіліп берілді.

### **Орман және аңшылық шаруашылықтарын дамыту**

2010 - 2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» бағдарламасын іске асыру мақсатында 2012 жылы облыс әкімдіктерінің орман қорғау мекемелері мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің табиғат қорғау мекемелері 70,0 мың гектар алаңда, оның ішінде 57,4 мың гектар алаңда ағаш отырғызу және егу әдісімен және 12,6 мың гектар алаңда ормандарды табиғи жаңартуды қолдау әдісімен ағаш отырғызу жұмыстарын жүргізді. Ормандарды молықтыру көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 12 %, ал 2005 жылмен салыстырғанда 54 % өсті.

Астана қаласының жасыл аймағын құру жұмыстары жалғасуда. 2012 жылғы көктемде оны 5 мың гектар алаңда құру бойынша жұмыстар жүргізілді. 1997 жылдан бастап барлығы 60 мың гектар екпе ағаштары отырғызылды.

2012 жылы республиканың ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен мемлекеттік орман қорының аумағында 6,6 мың гектар алаңда 665 орман өрті болды, оның ішінде орманды жерлер 4,7 мың гектарды құрады. Орман өртінен келген шығын 165327 мың теңгені құрады.

2012 жылғы орман өрттерін талдау 2011 жылмен салыстырғанда олардың алаңдары 52 % ұлғайғанын көрсетті, бірақ соңғы 5 жылдағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда орман өрттерінің алаңы 1,5 % азайды.

Орман қорына қауіп төндіретін дала өрттерін уақытында анықтауға және жоюға авиациялық патрульдеу жүргізумен қол жеткізілді.

2012 жылы «Қазақавиорманқорғау» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 8897 сағат көлемінде ормандарды авиациялық патрульдеуді жүзеге асырды, бұл ретте 351 орман өртін анықтады және жойды (орман өртінің жалпы саны 433 жағдайды құрайды), ол қорғалатын аумақтың (8869 мың га) жалпы санының 81 % құрайды (жоспарда 72 %).

Соңғы жылдары орман шаруашылығының нормативтік құқықтық базасын жетілдіру бойынша қабылданған шаралар, саланы бюджеттік қаржыландыруды ұлғайту нәтижесінде заңсыз ағаш кесу көлемін айтарлықтай азайтуға қол жеткізілді.

